

**"Қазақстан Халық
Банкінің өмірді
сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы**



**Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка
Казахстана по
страхованию жизни
"Халык-Life"**

**"Халық-Life" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2023 жылғы 14 қарашадағы
отырыстың № 54 хаттамасы)**

М а қ ұ л д а н д ы

**"Халық-Life" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2023 жылғы 12 желтоқсандағы
отырыстың № 44 хаттамасы)**

Б е к і т і л д і

**Аталған электрондық көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады.
Өзгертулер мен толықтырулар 04.05.2024 жылдан бастап қолданысқа енеді. Құжат
баспа түрінде ақпарат үшін қолданылады. Құжаттың көшірмесін растау үшін ЖКД
өтініш білдіру қажет.**

**Ереженің №1 өзгертулері мен толықтырулары жаңадан жасалынған өмірді ерікті
сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандыру шартына ғана қолданылады.**

Өмірді ерікті сақтандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру ЕРЕЖЕСІ

***Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген № 1 өзгерістер мен толықтырулар
есепке алынған
(2024 жылғы 03 мамырдағы № 23 отырыс хаттамасы)***

Алматы 2023

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1-тарау. Терминдер мен қысқарған сөздер	3
2-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі	5
2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ	6
3-тарау. Сақтандыру шартының мәні	6
4-тарау. Сақтандыру жағдайлары.....	6
5-тарау.Сақтандырылушыны ауыстыру	7
6-тарау. Пайда алушы.....	7
7-тарау. Сақтанушының және сақтандырушының құқықтары мен міндеттері.....	7
8-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі.....	8
9-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу орны	8
10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі	8
11-тарау. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сомаларын және сақтандыру төлемдерін анықтау тәртібі.....	9
12-тарау.Сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушының әрекеттері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі	10
13-тарау. Сақтандыру жағдайларынан шығару және сақтандыруды шектеу	15
14-тарау. Сақтандыру шартын бұзу шарттары	16
15-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	16
жағдайлары мен тәртібі	16
3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	16
16-тарау. Сақтандырушының орналасқан жерін немесе.....	16
тұрғылықты жерін өзгерту	16
17-тарау. Қосымша шарттар	17

Кіріспе директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2024 жылғы 03 мамырдағы № 23 отырыс хаттамасы) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалған (2024 жылғы 04 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді).

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және «Халық-Life» Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша еншілес компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) өмірді ерікті сақтандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша сақтандыру шарттарын жасасу және оларды орындау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ сақтанушылардың, Қоғамның және пайда алушылардың осындай шарттар бойынша құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Терминдер мен қысқарған сөздер

1. Осы сақтандыру ережелерінде мынадай негізгі ұғымдар мен шартты белгілер пайдаланылады:

«пайда алушы» – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

«уақытша еңбекке жарамсыздық» - адам ағзасының ауру немесе жарақат салдарынан туындаған жағдайы, онда функцияның бұзылуы еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіру немесе мүгедектікті белгілеу үшін қажетті уақыт ішінде кәсіптік жұмысты орындауға қабілетсіздігімен қатар жүреді;

«сақтандыру шарты» - сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасы шаңберінде сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенетін, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенетін шарт;

«сақтандырылған» – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға;

«ауыр ауру» - миокард инфарктісі; қатерлі ісік; бүйрек жеткіліксіздігі; инсульт (ми инфарктісі); кеуде және/немесе абдоминальды аорта ауруларын хирургиялық емдеу; екі көздің көру қабілетінің толық, тұрақты және қайтымсыз жоғалуы; аорталық, митральды, трикуспидті немесе өкпелік жүрек клапандарын хирургиялық ауыстыру; өмірлік маңызды мүшелерді трансплантациялау; склероз; жазатайым оқиғаға байланысты сал ауруы; коронарлық артерияларды хирургиялық емдеу;

«жазатайым оқиға» – сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсерлердің Сақтандырылған тұлғаның ағзасына әсер етуінен, оның денсаулығына зиян әкелген, мертігуіне немесе өліміне әкелген, адамның еркінен тыс оқыс, қысқа уақытта орын алған оқиға (жағдай);

«жаңартылған полис» – сақтандыру полисіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген кезде бұрын шығарылған полистің орнына сақтанушыға сақтандырушы беретін полис;

«сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі» – сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді көтеретін кезең;

«полис» – полисте және сақтандыру ережелерінде көзделген талаптар мен шарттар

бойынша сақтандыру шартын жасасу фактісін растайтын сақтандырушы жасаған құжат;

«сақтандыру ережелері» – өмірді ерікті сақтандырудың осы ережелері;

«сақтанушы» – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға;

«сақтандырушы» – «Халық-Life» Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

«сақтандыру төлемі» – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;

«сақтандыру сыйлықақысы» – сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемені қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

«сақтандыру сомасы» – сақтандыру объектісі сақтандырылған және жауапкершіліктің ең жоғары сомасын білдіретін сақтандыру жағдайы басталған кездегі төленетін ақша сомасы;

«Сақтандыру оқиғасы» - басталған кезде сақтандыру шартында сақтандыру шартының талаптарында белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделген оқиға;

«дене жарақаты» – сыртқы механикалық, жылулық, электрлік немесе химиялық әсерлерден болатын тіндердің, ағзалардың немесе жалпы сақтандырылушының бүкіл денесінің зақымдануы.

2-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

2. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда сақтанушының сақтандыру ережелеріне қосылуы және сақтандырушының сақтанушыға полис беруі немесе шарт жасау жолымен жасалады.
3. Сақтанушының сақтандыру ережелеріне қосылу арқылы сақтандыру шартын жасасуға келісімі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын кейіннен төлей отырып, сақтандыру шартын жасасу туралы өтінішке қол қою/растау арқылы расталады. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасуға келісімі полисті берумен келандырылады. Сақтанушы мен сақтандырушының сақтандыру шартын жасасуға келісімі тиісті шартқа қол қою арқылы расталады.
4. Сақтандыру шартын жасасуға ниет білдірген тұлға сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандыру ережелерімен танысуға және сақтандырушыға сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыруға өтініш беруге міндетті.
5. Сақтандыру шартын жасасуға тілек білдірген тұлға сақтандыру шартын жасасу кезінде өтініште сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын айқындау үшін маңызды болып табылатын, өзіне белгілі сақтандыру мәліметтерін ұсынуға міндетті.
6. Сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының ықтималдылығына және сақтандыру ережелерінде көрсетілген ықтимал залалдардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін ақпарат маңызды болып саналады.
7. Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға жалған ақпарат бергені анықталса, сақтандырушы сақтанушыға жазбаша хабарлама жібере отырып, сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша алынған төлемнің 10 % мөлшерінде сақтандыру шартын бұзуға байланысты сақтандырушы шығындарын шегеріп, сақтандыру сыйлықақысын сақтанушыға қайтарады, ал егер сақтандыру төлемі жасалған болса, сақтандырушы төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
8. Мына тұлғалар сақтандыруға қабылданбайды:
 - 1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер;
 - 2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар;
 - 3) түзеу-еңбек мекемелерінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан адамдар.Сақтандырушы шарт нысанында немесе полисте тиісті белгі жасаса, бұл адамдар сақтандыруға қабылдануы мүмкін.
9. Сақтандыру ережелерінің 8-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандырушының тиісті белгісіз сақтандыру өтемі қолданылмайды. Бұл ретте сақтандыру шартын сақтандырушы бір жақты тәртіппен бұзылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартын бұзуға байланысты сақтандырушының сақтандыру сомасының 10 % мөлшерінде шығындарын шегеріп, сақтанушыға қайтарылуға жатады.

2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

3-тарау. Сақтандыру шартының мәні

10. Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті.
11. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру ережелерінде көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.
12. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтанушының өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты мүлкітік мүдделер сақтандыру объектісі болып табылады. Сақтанушының заңсыз мүдделері сақтандыруға жатпайды.

4-тарау. Сақтандыру жағдайлары

13. Сақтандыру шарттары бойынша туындайтын сақтандыру жағдайлары мынадай жағдайлар болуы мүмкін:
 - 1) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде болған кез келген себептер бойынша сақтанушының қайтыс болуы;
 - 2) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде орын алған және ол басталған күннен бастап алты ай ішінде сақтанушының қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиға;
 - 3) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде болған және ол басталған күннен бастап алты ай ішінде сақтанушы үшін бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектікті белгілеуге әкеп соқтырған жазатайым оқиға;
 - 4) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде болған және ол ауру пайда болған немесе диагноз қойылған сәттен бастап алты ай ішінде сақтандырылған адамның бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі белгіленгенге дейін болған жазатайым оқиға немесе ауру;
 - 5) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде болған және сақтанушының дене жарақатына әкеп соққан жазатайым оқиға;
 - 6) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде болған және сақтанушының уақытша еңбекке жарамсыздығына әкеп соққан жазатайым оқиға;
 - 7) сақтанушы ауру анықталған кезден бастап күнтізбелік 30 күн өмір сүрген және ауыр ауру анықтамасына сәйкес келген жағдайда, сақтандыру шарты жасалған күннен бастап 90 күнтізбелік күннен ерте емес сақтанушының алғаш анықталған ауыр ауруы;
 - 8) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде орын алған және сақтанушының шұғыл медициналық себептер бойынша стационарлық емдеуге жатқызылуына әкеп соққан жазатайым оқиға.
14. Сақтандыру жағдайлары сақтанушының сақтандыру туралы өтінішімен белгіленеді және сақтандыру шартында көрсетіледі.

5-тарау. Сақтандырылушыны ауыстыру

15. Сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес сақтандырылушыны ауыстыруға болмайды.
16. Егер сақтанушы сақтандырылушы болып табылмаса, онда сақтанушы сақтандырушыға сақтандырылушының сақтандыру шартын жасасуға жазбаша келісімін беруге міндетті.
17. Егер сақтанушы сақтандырылушының ата-анасы, асырап алушысы, кәмелетке толмаған баланың қорғаншысы немесе қамқоршысы (сақтандыру шартын жасасқан күнгі жағдай бойынша) болса, онда Ереженің 16-тармағының талаптары қолданылмайды.

6-тарау. Пайда алушы

18. Пайда алушы сақтанушымен жасалған шарттан туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындағаннан кейін не сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қойылғаннан кейін пайда алушыны басқа тұлға алмастыра алмайды.
19. Пайда алушы өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда оның құқықтары сақтанушыға, ал егер сақтанушы сақтандырылушы болса, сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.

7-тарау. Сақтанушының және сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

20. Сақтанушының құқығы бар:
 - 1) сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын талап етуге;
 - 2) сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, олардың сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
 - 3) сақтандыру шартында белгіленген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.
21. Сақтанушы мыналарға міндетті:
 - 1) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
 - 2) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
 - 3) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға.
22. Сақтандырушының құқығы бар:
 - 1) сақтандыру ережелерінде көзделген жағдайларда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
 - 2) сақтандыру жағдайының туындау жағдайлары мен себептерін тексеруге;

- 3) сақтанушыдан тәуекел дәрежесін анықтауға және мөлшерлемені белгілеуге қатысты кез келген ақпаратты сұратуға;
 - 4) сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
23. Сақтандырушының құқығы бар:
- 1) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін оны тіркеуге;
 - 4) егер пайда алушы сақтандыру шартында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаса, құжаттардың толық емес топтамасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде пайда алушыны жетіспейтін құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабардар етуге міндетті.

8-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі

24. Егер өзгеше жағдайлар көзделмесе, сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы сақтандырушының банк шотына толық көлемде түскен күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді және сақтандыру шартында белгіленген мерзімде қолданылады.
25. Сақтандыру шартының және сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі жылдармен, айлармен, күндермен, сағаттармен немесе минуттармен есептелуі мүмкін және сақтандыру шартында көрсетіледі.

9-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу орны

26. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де жарамды.
27. Сақтандыру шартының қолданылу орны сақтандыру шартында көрсетіледі.

10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі

28. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.
29. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді сақтанушы шарт жасасқан күннен бастап алты жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.
30. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шартын соттан тыс біржақты тәртіппен бұзуға құқылы, бұл ретте сақтандыру шартының бұзылу күнін сақтандырушы шартты тоқтату туралы хабарламада белгіленген мерзімде белгілейді. Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзу туралы хабарламада көрсетілген күннен бастап туындаған сақтандыру

жағдайлары үшін жауап бермейді.

11-тарау. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сомаларын және сақтандыру төлемдерін анықтау тәртібі

31. Сақтандыру сомасының мөлшерін сақтанушы берген сақтандыру өтініші негізінде сақтандырушы айқындайды және сақтандыру шартында көрсетіледі.
32. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде пайда алушының банктік шотына ақша аудару арқылы сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
33. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандырудың белгілі бір жылы ішінде (бірінші, кейінгі) сақтандыру бойынша бұрын жасалған сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) сомасына, соның салдарынан сақтанушы дене жарақатын алған жағдайда автоматты түрде азайтылуға жатады. Сақтандыру сомасының сомасы сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлеген жағдайда келесі сақтандыру жылының басына дейін толық көлемде қалпына келтірілуге жатады.
34. Сақтанушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесі» бойынша немесе шарт немесе полис нысанында сақтанушыға сақтандыру сомасынан (сақтандыру қорғаныстары кезеңінде болған бірінші сақтандыру жағдайы үшін) пайызбен белгілейді.
35. Сақтандыру жағдайы – ауыр ауру туындаған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтанушыға анықталған бірінші ауыр сырқат үшін ғана жүргізіледі. Кем дегенде бір сақтандыру төлемі жасалған болса, сақтандыру сомасы полистің бір жылдығында қалпына келтірілмейді.
36. Сақтанушының сақтандыру өтемін жүзеге асыру кезеңінде алғаш рет анықталған ауыр науқастануы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі сақтанушының ауыр ауруының алғашқы диагнозы белгіленген бірінші жағдайда сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап күнтізбелік 90 күн өткеннен кейін жүзеге асырылады.
37. Сақтандырушы сақтанушының ауыр науқастануы анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін сақтандыру өтемі кезеңінде бірінші рет анықталған сақтанушы ауыр науқастанған жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті егер сақтанушы осы тармақта көрсетілген мерзім өткен күннен кейінгі күні тірі болған жағдайда.
38. Сақтанушыға ауыр науқастану диагнозы қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру өтемі кезеңінде алғаш анықталған сақтанушының ауыр сырқаттануы сақтандыру жағдайы бойынша төленбейді.
39. Бірінші анықталған ауыр науқастан сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушының ауыр сырқаттануы кезіндегі сақтандыру шартының талаптары тоқтатылады.

12-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушының әрекеттері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі

Ереженің 12-тарауы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2024 жылғы 03 мамырдағы № 23 отырыс хаттамасы) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып 53-1 тармақпен толықтырылды (2024 жылғы 04 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді).

40. Пайда алушы сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап күнтізбелік 12 айдан кешіктірмей сақтандырушыны оның басталғаны туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.
41. Пайда алушының еркіне байланысты емес мән-жайлар, атап айтқанда: форс-мажорлық жағдайлар, яғни берілген жағдайларда төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлар (форс-мажор), оның ішінде, бірақ олармен шектелмейтін, хабарламау немесе уақтылы хабарламаудың дәлелді себебі шектелген: табиғат құбылыстары, әскери әрекеттер және т.б.
42. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыруды жүзеге асыру кезеңінде қандай да бір себептермен (аурудың немесе жазатайым оқиғаның салдарынан) қайтыс болған жағдайда сақтандырушыға мынадай құжаттар ұсынылады:
 - 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) сақтанушының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі;
 - 3) сақтанушының қайтыс болуы туралы медициналық куәліктің көшірмесі немесе қайтыс болу туралы медициналық куәлік түбіртегінің көшірмесі;
 - 4) сақтанушының ауырған аурулары туралы мәліметтері бар амбулаториялық емделушінің медициналық картасынан үзінді – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасау үшін түпнұсқасы;
 - 5) егер сақтанушының қайтыс болуы стационарда болса, стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасау үшін түпнұсқасы;
 - 6) сақтанушының мәйітіне патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптаманың қорытындысы (егер тексеру немесе зерттеу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделсе) – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасау үшін түпнұсқасы;
 - 7) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – электрондық цифрлық құжат немесе қарау үшін түпнұсқасы және сақтандырушының қызметкерлерімен расталған көшірмесі;
 - 8) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алуға құқық беретін мұрагерлік куәлік (жеке тұлғалар үшін) - егер пайда алушы шартта немесе полисте көрсетілмесе, танысу үшін түпнұсқа және сақтандырушының қызметкерлерімен расталған көшірме;
 - 9) пайда алушының банктік деректемелері: алушы банкінің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карточкалық шоты.
43. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыруды жүзеге асыру кезеңінде болған жазатайым оқиғаның салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандырушыға

мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) сақтанушының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі;
 - 3) сақтанушының қайтыс болуы туралы медициналық куәліктің көшірмесі немесе медициналық қайтыс болу туралы куәліктің түбіртегі көшірмесі;
 - 4) сақтанушының аурулары туралы мәліметтерді қамтитын амбулаториялық медициналық картадан үзінді – сақтандырушы қызметкерлерінің танысуы және көшірмесін алу үшін түпнұсқасы;
 - 5) егер сақтанушының қайтыс болуы стационарда болса, стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме, сақтандырушы қызметкерлерінің танысуы және көшірмесін алу үшін түпнұсқасы;
 - 6) сақтанушының мәйітіне патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптаманың қорытындысы (егер тексеру немесе зерттеу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделсе) - сақтандырушы қызметкерлерінің танысуы және көшірмесін алу үшін түпнұсқасы;
 - 7) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – сақтандырушы қызметкерлерінің танысуы және көшірмесін алу үшін түпнұсқасы, цифрлық құжаты;
 - 8) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алуға құқық беретін мұрагерлік куәлік (жеке тұлғалар үшін) - егер пайда алушы шартта немесе полисте көрсетілмесе, сақтандырушының қызметкерлерімен танысу және көшірмесін жасау үшін түпнұсқасы;
 - 9) пайда алушының банктік деректемелері: алушы банкінің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карточкалық шоты.
44. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру өтемі кезеңінде болған және ол басталған күннен бастап алты ай ішінде сақтанушы үшін бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектікті белгілеуге әкеп соқтырған жазатайым оқиға болса, мынадай құжаттар ұсынылады:
- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) уәкілетті мемлекеттік орган берген мүгедектік туралы анықтама – сақтандырушының қызметкерлерімен танысу және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқасы;
 - 3) денсаулық сақтау ұйымының МӘС қорытындысы туралы хабарламасының көшірмесі;
 - 4) амбулаториялық (стационарлық) науқастың мүгедектікті анықтау себептері туралы және сақтандырылған адамның ауырған аурулары туралы мәліметтері бар медициналық картасынан үзінді – сақтандырушының қызметкерлері танысуы және оның көшірмесін жасауы үшін түпнұсқасы;
 - 5) маманның рентгендік суреттің (компьютерлік томография, магнитті-резонанстық томография және т.б.) сипаттамасы (болған жағдайда) – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасау үшін түпнұсқасы;

- 6) пайда алушының банктік деректемелері: алушы банкінің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карточкалық шоты;
 - 7) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – цифрлық құжат немесе сақтандырушы қызметкерлерінің танысуы және көшірмесін алуы үшін түпнұсқасы.
45. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру қорғаныстары кезеңінде орын алған және ол басталған немесе ауру диагнозы қойылған күннен бастап алты ай ішінде сақтанушы үшін бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленуге әкеп соқтырған жазатайым оқиға немесе ауру болса, мынадай құжаттар ұсынылады:
- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) уәкілетті мемлекеттік орган берген мүгедектік туралы анықтама – сақтандырушының қызметкерлері танысу және көшірмесін алу үшін түпнұсқасы;
 - 3) денсаулық сақтау ұйымының МӘС қорытындысы туралы хабарламасының көшірмесі;
 - 4) амбулаториялық (стационарлық) науқастың мүгедектікті анықтау себептері туралы және сақтандырылған адамның ауырған аурулары туралы мәліметтері бар медициналық картасынан үзінді – сақтандырушының қызметкерлері танысу және көшірмесін алу үшін түпнұсқасы;
 - 5) маманның рентгендік суреттің (компьютерлік томография, магнитті-резонанстық томография және т.б.) сипаттамасы (болған жағдайда) – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқасы;
 - 6) пайда алушының банк деректемелері: алушы банкінің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карточкалық шоты;
 - 7) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – электрондық цифрлық құжат немесе сақтандырушының қызметкерлері танысуы және көшірмесін алуы үшін түпнұсқасы.
46. Сақтандыру жағдайы сақтанушының сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде дене жарақатына әкелген жазатайым оқиға болған жағдайда мынадай құжаттар ұсынылады:
- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) травматологиялық диспансерден анықтама – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін алуы үшін түпнұсқасы;
 - 3) амбулаториялық (стационарлық) науқастың медициналық картасынан сақтанушыда болған аурулар туралы мәліметтерді қамтитын үзінді көшірме – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін алуы үшін түпнұсқасы;
 - 4) маманның рентгендік суреттің (компьютерлік томография, магнитті-резонанстық томография және т.б.) сипаттамасы (бар болса) - сақтандырушының қызметкерлерімен танысуы және көшірмесін алуы үшін түпнұсқасы;
 - 5) уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары – сақтандырушының қызметкерлері көшірмесін жасау үшін жұмыс берушінің мөрімен куәландырылған құжаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі;
 - 6) пайда алушының банктік деректемелері: алушы банкінің атауы, банктің БСН,

БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карточкалық шоты;

- 7) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – электрондық цифрлық құжат немесе сақтандырушының қызметкерлерімен танысу және көшірмесін жасау үшін түпнұсқасы.
47. Сақтандыру жағдайы сақтанушының сақтандыру мерзімі ішінде уақытша еңбекке жарамсыздығына әкеп соққан жазатайым оқиға болып табылса, мынадай құжаттар ұсынылады:
- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмелерін алу үшін жұмыс берушінің мөрімен куәландырылған құжаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі;
 - 3) амбулаториялық (стационарлық) науқастың сақтандырылған адамда болған аурулары туралы мәліметтері бар медициналық картасынан үзінді – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
 - 4) пайда алушының банктік деректемелері: алушы банкінің атауы, банктің БСН, БСК, ИИК, ағымдағы немесе карточкалық шоты;
 - 5) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) электрондық цифрлық құжат немесе сақтандырушының қызметкерлері танысу және көшірмесін жасау үшін түпнұсқа.
48. Сақтандыру жағдайы сақтанушының сақтандыру шарты жасалған күннен бастап 90 күнтізбелік күннен ерте емес ауыр ауруы болса, бұл ауру анықталған кезден бастап сақтанушы сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде 30 күнтізбелік күн өмір сүрген жағдайда келесі құжаттар ұсынылады:
- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) амбулаториялық (стационарлық) науқастың сақтандырылған адамның аурулары туралы мәліметтері бар медициналық картасынан үзінді көшірме – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқасы.
 - 3) «ауыр ауру» диагнозына сәйкес келетін медицина саласындағы маманның білікті қорытындысы бар медициналық мекеме берген құжаттар (тиісті мамандықтағы дәрігер қол қойған қорытынды немесе анықтама, дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы). Құжаттар диагностика туралы мәліметтерді, оның негізінде диагноз қойылған зерттеу деректерін, алғашқы диагноздың күнін – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін құжатты берген мекеменің мөрімен куәландырылған құжаттардың түпнұсқалары немесе көшірмелерін қамтуы тиіс.;
 - 4) нәтижелері, диагноз қойылған зертханалық, функционалдық және аспаптық зерттеу әдістерінің қорытындылары, жалпы клиникалық зерттеу әдістерінің деректері – сақтандырушы қызметкерлерінің танысуы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқалары.
 - 5) пайда алушының банктік деректемелері: алушы банкінің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шот;
 - 6) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) –

электрондық цифрлық құжат немесе сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқасы.

49. Егер сақтандыру жағдайы сақтанушының сақтандыру өтемі кезеңінде шұғыл медициналық себептер бойынша стационарлық емдеуге жатқызылуына әкеп соқтырған жазатайым оқиға болып табылса, мынадай құжаттар ұсынылады:
- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) сақтанушының ауырған аурулары туралы мәліметтері бар стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді – қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
 - 3) уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін жұмыс берушінің мөрімен куәландырылған құжаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі;
 - 4) пайда алушының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған банктік шотының деректемелері;
 - 5) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – электрондық цифрлық құжат немесе сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа.
50. Сақтандырушы сондай-ақ мынадай құжаттарды талап етуге құқылы:
- 1) егер құқық қорғау органдары сақтанушының қайтыс болуы бойынша қылмыстық істі қозғау туралы мәселені қараған болса, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы немесе құқық қорғау органдарының немесе соттың қылмыстық істі қозғау немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысы не сот үкімі (қаулысы) – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа
 - 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттары, оның себептері (өрт сөндіру қызметі, құқық қорғау органдары, еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау органдары) – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа.
51. Сақтандырушыға шет тілінде ұсынылатын құжаттар аударманың дұрыстығын нотариалдық куәландыра отырып, қазақ немесе орыс тілдеріне аударылуы тиіс. Егер пайда алушы немесе оның өкілі сақтандыру ережелерінің осы тарауында көрсетілген барлық құжаттарды ұсынбаса, сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға құқылы.
52. Пайда алушы сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сақтандырушы пайда алушыдан сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабарлама жібереді.
53. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын барлық құжаттарды алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға немесе одан бас тарту туралы дәлелді шешім беруге міндетті.

- 53-1. Сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен мән-жайларын растайтын құжаттар қоса тіркелген сақтанушының өтініші негізінде сақтандыру төлемін оңайлатылған тәртіппен жүзеге асыруға құқылы.

Сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен мән-жайларын растайтын және ол сақтандыру төлемін оңайлатылған тәртіппен жүзеге асыру үшін сақтандырушыға ұсынылуы тиіс құжаттардың тізбесі сақтандыру шартында көрсетілген.

Құжаттар қағаз жеткізгіштегі түпнұсқалары түрінде, цифрлық құжаттар немесе құжаттардың көшірмелері түрінде, оның ішінде, құжаттардың фотосуреттері, құжаттардың цифрлық (сканерленген) көшірмелері түрінде де ұсынылады. Белгілі бір құжат түрі ұсынылуы тиіс немесе ұсынылуы мүмкін болған жағдайда, құжаттың аталған түріне қойылатын талаптар сақтандыру шартында көрсетіледі.

13-тарау. Сақтандыру жағдайларынан шығару және сақтандыруды шектеу

54. Төмендегі жағдайлар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстары қолданылу мерзімі ішінде мыналардың нәтижесінде орын алса:

- 1) ЖҚТБ, АИТВ-инфекциясы, психикалық ауру, егер бұл аурулар сақтандыру жағдайының басталуына әсер еткен болса;
- 2) қажетті қорғаныс жағдайларында және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтанушының, сақтандырылушының, пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
- 3) өзін-өзі өлтіру (сақтандырылушының өзіне қол жұмсауы);
- 4) сақтанушының этанолмен, алкогольмен, есірткі, психотроптық заттармен және сол тектестермен улануы;
- 5) заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар жариялаған әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, жаппай толқулар, төтенше немесе ерекше ережелер, олардың зардаптары, азаматтық толқулар, ереуілдер;
- 6) егер сақтанушы/сақтандырылушы террористік қызметке қатысушы немесе терроризм актісіне қатысушы адам болса, террористік актілер;
- 7) ядролық жарылыс, радиациялық немесе радиоактивті немесе химиялық ластану;
- 8) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, көшкін, қар көшкіні, жанартау атқылауы, цунами.

55. Сақтандырушы сондай-ақ мынадай жағдайлардың бірінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады:

- 1) сақтанушының/сақтандырылушының сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға берілуі керек сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және сондай-ақ сақтандыру ережелеріне сәйкес, оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсынғанда;

- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекетті жасаса;
 - 3) сақтандырылған адамда сақтандыру жағдайы басталған күні қатерлі ісік ауруы болса (жазатайым оқиғаның салдарынан болған сақтандыру жағдайын қоспағанда), егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шартының алғашқы екі жылы ішінде орын алса.
56. Сақтандырушы келесі шығындар үшін жауап бермейді:
- 1) сақтандыру сомасының мөлшерінен асуы;
 - 2) сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген шығындар үшін жауап бермейді.

14-тарау. Сақтандыру шартын бұзу шарттары

57. Сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш беру арқылы сақтандыру шартын кез келген уақытта бұзуға құқылы.
58. Сақтандыру шартын бұзу, сондай-ақ сақтандыру шарты тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысын қайтару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда және шарттарда жүзеге асырылады.

15-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі

59. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы сақтанушының сақтандырушыға берген өтініші негізінде жүзеге асырылады.
60. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар сақтандырушының мұндай өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға келісімімен жазбаша нысанда енгізіледі және шартқа қосымша шарт жасалған күннен бастап, сақтандырушы жаңартылған полисті шығарған күні күшіне енген деп есептеледі.
61. Жаңартылған полис бұрын шығарылған полисты ауыстыру үшін шығарылады. Жаңартылған полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігіне айналады және оны ресімдегеннен кейін бұрын берілген полис (ал ол жоғалған жағдайда телнұсқасы) жарамсыз болады.

3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16-тарау. Сақтандырушының орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін өзгерту

62. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген жағдайда сақтанушы он күн ішінде сақтандырушыға жаңа мекенжай туралы хабарлауға міндетті. Әйтпесе, алдыңғы орналасқан жері немесе тұрғылықты жері бойынша жіберілген хабарлама дұрыс жіберілген болып есептеледі.
63. Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан

Республикасынан тыс жерде болса, сақтанушы сақтандырушыға хат-хабарларды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасындағы сенім білдірілген тұлғаның байланыс ақпаратын беруге міндетті.

17-тарау. Қосымша шарттар

64. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, үзінді көшірмелер, хабарламалар, түсініктемелер сақтандырушының интернет-ресурсындағы жеке кабинет арқылы, сақтандыру өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына, SMS хабарлама арқылы және оны растауға мүмкіндік беретін басқа да тәсілдермен жіберіледі.
65. Тараптар сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.
66. Тараптардың сақтандыру ережелерімен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
67. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасындағы барлық даулар сотқа дейін жазбаша түрде шешілуі тиіс. Егер мұндай дауларды сотқа дейін шешу мүмкін болмаса, олар жауапкердің орналасқан жері бойынша сотта шешіледі.
68. Сақтандыру шартында белгіленген барлық сомалар сақтандыру шартының (полистің) талаптарына және сақтандыру ережелеріне сәйкес теңгемен төленуге/төлемге жатады.
69. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу нәтижесінде сақтандыру ережелерінің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, бұл ережелер сақтандыру ережелеріне тиісті өзгерістер енгізілмей автоматты түрде күшін жояды. Сақтандыру ережелерінің бір ережесі жарамсыз болса, бұл сақтандыру ережелерінің қалған ережелеріне әсер етпейді. Жарамсыз ереже тиісті қатынастарды реттейтін заңмен рұқсат етілген нормамен ауыстырылады.
70. Тараптардың келісімі бойынша электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда сақтандыру шартын жасасуға жол беріледі.
71. Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсында сақтандыру жағдайын реттеу мүмкіндігін берген кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық нысанда электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде алдын ала жіберілуі мүмкін. Бұл ретте, электрондық нысанда сақтандыру төлемін талап ету өтініш берушіні сақтандырушының орналасқан жері бойынша сақтандырушыға қажетті құжаттарды ұсырудан босатпайды.
72. Сақтанушы мен сақтандырушының арасындағы келісім бойынша сақтандыру ережелерінің жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды, сондай-ақ сақтандыру шартын жасау кезінде айқындалатын және сақтандыру шартында көрсетілетін қосымша талаптарды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.
73. Сақтандыру ережелері қазақ және орыс тілдерінде жасалады. Сақтандыру

ережелерінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында сәйкес келмеушіліктер болған жағдайда, сақтандыру ережелерінің орыс тіліндегі мәтініне артықшылық беріледі.